

**Ф**илология факультеті 1998 жылдан бері М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің іргелі факультеттерінің бірі болып табылады. Облыстағы және республикадағы ең үздік ғалымдардан құралған шығармашылық ұжым ғылыми педагогикалық бағытта жас мамандарды дайындауда жоғары дәрежеде қызмет етеді. Факультетте тіл білімі, лингвистика және әдебиет салаларында ғылым докторлары, профессорлар, «ЖОО-

танылған. Елбасы Н.Назарбаев: «Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді еркін пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуы тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» деді. Бұл, шынында да, қарқынды дамып келе жатқан ел үшін өзекті мәселе. Әр тілдің ел өміріндегі орны мен мәртебесі айқын көрсетіліп тұр: олар тең емес. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі

## Көптілділік – заман талабы

ның үздік оқытушысы» грантының иегерлері қызмет атқарады. Факультет көп жылдар бойы ғылым және білім саласында алыс және жақын шетелдердегі жоғары оқу орындарымен, ғылыми зерттеу институттарымен тығыз байланыс жасауда (АҚШ, Қытай, Ресей, Ұлыбритания, Испания, Германия, Түркия, Жапония, Польша, Чехия, Латвия, Өзбекстан, Қырғызстан, Румыния және т.б.).

Факультетте жоғары дәрежелі мамандармен қамтылған 5 кафедра: Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы, Ағылшын тіл білімі кафедрасы, Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасы, Гуманитарлық мамандықтар үшін шетел тілдері кафедрасы, Мемлекеттік тілді оқыту кафедрасы жұмыс істейді. Аталған кафедраларда «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Шет тілі: екі шет тілі», «Аударма ісі», «Филология: қазақ тілі», «Филология: орыс тілі», «Шетел филологиясы: ағылшын тілі», «Шетел филологиясы: өзбек тілі» білім беру бағдарламалары бойынша мамандар дайындалады.

Сонғы кезде еліміздің білім беру саласына бірқатар өзгерістер еніп жатыр. Әсіресе, үш тілде оқыту мәселелері қоғамда кеңінен талқылануда. Ұлы Абай: «Қанша тіл білсең, сонша адамсың» десе, француз накыл сөзі: «Екі тіл білетін адам, екі адамға тұрарлық» дейді. «Қанша елдің тілін білсең, сонша түрлі ілім білесің» дейді халық даналығы.

Көптілділік – заман талабы. Бір халықтың мәдениетін басқаларымен салыстыру арқылы ғана, әлем суретін әр алуан әрі тұтас көруге мүмкіндік беретін ұлттық мәдениеттің барлық ерекшеліктерін және құндылықтарын сезінуге болады. Көптілділік адамдардың өзара түсінісуіне жол ашады, адамдардың бір-бірімен ұғынысуында, ойын еркін, толық жеткізуде ерекше қызмет атқарады. Көптілділік қоғамда да, өмірде де өзіндік орын алатын, тек адамзатқа ғана тән әрекет. Көптілділік адамзаттың ойлау, пайымдау процесімен бірге жүзеге аса отырып, тілдік қатынастың негізі, басты құралы болып табылады. Көптілділік әлемдегі өркениет пен білім жүйесіне сәйкес тыңдаушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыратын, ой-пікірін дұрыс, сауатты жеткізуге ықпал ететін, адам мен адамның қай тілде болса түсінісуге мүмкіндік беретін сала. Бұл сала қоғамдық әлеуметтік өмірді және ғылым мен білімді ұштастыра келіп, болашақ маманның дүниетанымын жетілдіріп, өзінше ой-пікір түйіндеуге үйретеді.

Тіл – қай ұлтта, қай елде болмасын қастерлі де құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен дарып қалыптасатындықтан, «ана» деген ардақты атпен «ана тілі» деп атаймыз. Мемлекеттік тілді білу – парыз, өзге тілдерді үйрену – құқық. Бүгінгі білім берудегі қоғам қойып отырған талаптарының бастыларының бірі – көптілділік. Көптілділік – кез келген қоғам, кез келген формация үшін тұйықтықтан шығудың, интеграцияны негізгі ұстаным етіп алған бағытты айқындайтын жол деп

үштілді білім берудің негіз құраушы идеясы, «үшбұрыштың» негізі, іргетасы және бір мезгілде жоғарғы нүктесі болып табылады. Сонымен қатар, дүниежүзіндегі алдыңғы қатарлы 30 елдің қатарына ену үшін Қазақстанның тілдік палитрасын тек сақтап қана қоймай, дамыту қажеттігі туындауда. Әрине, үштілділік жағдайында қазақ тілін оқыту үшін тек уақыт қана емес, жаңа әдістеме де қажет. Сондықтан қазақ тілін өзге тіл ретінде меңгертудің жаңа механизмдерін іздеуге барлық күшімізді салуымыз керек. Бұл соңғы пайымдау тең дәрежеде орыс тілі пәніне де қатысты болмақ. Оның мәртебесі – Тәуелсіз Қазақстанның тарихи құндылықтарының бірі болып табылады. Қазіргі таңда орыс тілінің қазақстандық нұсқасы даму үстінде. Қазақстандағы орыс тілділіктің бір ерекшелігі, орыс тілінде сөйлейтін көпшіліктің міндетті түрде этникалық орыстар еместігі. Көп жағдайда олар тек орыс тілін ғана білетін қазақтар немесе көс тілді қазақтардың өздері. Бұл мәселеде барлық заңнама актілері қазақстандықтардың көпшілігінің күнделікті қарым-қатынасы үшін орыс тілін сақтау идеясына негізделген. Бұл әлемдік мәдениет пен ғылымдағы қарым-қатынас үшін ойға қонымды. Ағылшын тілін меңгерудің қажеттілігі ешкімге де күмән туғызбайды. Әлемдік ғылым мен экономикада беделді интеграцияның нақты механизмдерін білу үшін ол бізге қажет. Қорыта айтқанда, біз үшін үштілді білім беру олардың бір-бірімен бәсекелестігінде емес, олардың бірлікте болуымен маңызды. Қазақстанда үштілді білім беру осы негізге сай қарастырылған.

Көп тілді меңгеру – бұл өте күрделі психологиялық үрдіс. Бүгінгі таңда бізге ана тілінің уызына қаныққан. Ұлттық мұраны құрметтейтін, іскер, шығармашыл, дүниетанымы мол, зиялы да шабытты тұлғаның қажет екені белгілі. Әл-Фараби бабамыздың 76 тіл білгені біз үшін мақтаныш.

Көптілділік – ұзақ жылдардың жемісі, қазіргі заманға сай адамдар бір тілмен ғана шектелмей, бүгінгі күндегі өзекті мәселелердің бірі – бірнеше тілді ұғып, үйренуде. Біреуге бөтен тіл үйреткіміз келсе, алдымен оған тілдік үлгілер мен тілдік орамдардың әлгі тілді сөйлеуді үйретіп алуымыз керек. Қиындықтан қорықпаған қамал алады демекші, жаңа ұрпақты ілім-біліммен қамтамасыз ету – қашан да ұстаздар қауымының басты міндеті болып қала бермек.

Жалпы алғанда, барлық қолға алынып жатқан шаралар біздің балаларымыздың тілдерді меңгеру арқылы мәдениетаралық қарым-қатынаста табысты болатынына сенім ұялатады.

**А.СҮЮБЕРДИЕВА,**

**Г.ТУРСЫНОВА,**

**М.Әуезов атындағы ОҚУ**

**«Гуманитарлық мамандықтар**

**үшін шетел тілдері»**

**кафедрасының**

**аға оқытушылары.**